Бекітемін
Мектеп директоры____________ Бекенова А.Б.

Келісемін
Меңгеруші _____________ Макашева Д.К.

**2021 – 2022 оқу жылына арналған «Өтпелі» тақырыптар бойынша**
**Казгородок мектеп алды «Балауса» шағын орталығының**
**перспективтік жоспары**

| **Денсаулық – 3 сағ**<br><br>Дене шынықтыру - 3 | **Қатынас– 2 сағ**<br><br>Сөйлеуді дамыту – 1<br>Көркем әдебиет – 0,5<br>Орыс тілі – 0,5 | **Таным – 2,5 сағ**<br><br>Математика негіздері– 1<br>Құрастыру – 0,5<br>Жаратылыстану – 1 | **Шығармашылық – 3 сағ**<br><br>Сурет салу – 1<br>Мүсіндеу – 0,25<br>Жапсыру – 0,25<br>Музыка – 1,5 | **Әлеумет – 0,5 сағ**<br><br>Қоршаған ортамен таныстыру – 0,5 |
|---|---|---|---|---|
| **Оқу мақсаты ҮОБ (үлгілік оқу бағдарламасы)** | | | | |
| Дене шынықтыруда қызығушылығы артады, денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып, қозғалыс біліктері мен дағдыларын қолданады. | Қоғамдық ортада ауызша қарым-қатынас жасауды диалог құруды біледі. | Сенсорлық қабілеттерін, жиын туралы түсініктерін жанды және жансыз табиғат жайлы біледі. | Шығармашылық ойлау мен қиялы дамиды, қарапайым заттар, құбылыстар, ертегі кейіпкерлерін бейнелей алады. | Қоршаған ортаны таниды, отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігін, мақтаныш сезімін түсінеді, құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасай алады. |

| Күтілетін нәтиже ҮОБ (үлгілік оқу бағдарламасы) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады, түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүреді, екеуден, үшеуден қатарға қайта тұрады, жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын сақтайды. | Қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап береді, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін біледі, сөздерді жекеше, көпше түрде және септік жалғауларын қолданады. | Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді, қағаздан көлемді пішіндерді жасай алады, табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесін біледі үй жануарларын және олардың төлдерін, үй құстарын атайды. | Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, сурет салады, адамның пішінін (дене бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мүсіндейді, қайшыны дұрыс ұстайды және пайдаланады. музыкалық ойыншықтар мен аспаптарды таниды. | Өзі туған елді мекенін, туған елін атайды, қазақ киіз үйі оның құрылысы ішіндегі заттарды, ұлттық киімдер мен әшекейлерді атайды және ажыратады, әскердің міндеті туралы түсініктерге ие еңбек адамдарына және олардың еңбектерінің нәтижелеріне құрмет көрсетеді. |
| **Дағды** (әрекет түрлері) **Стандарт** | | | | |
| Өмірлік маңызы бар қимылдарды өздігінен орындай алады, барлық ойын ережесін біледі. | Ересектермен, балалармен қарым-қатынасқа түсе алады және олардың өтініштерін орындайды. | Заттарға тән ерекшеліктерді және белгілерді иісі, дәмі, дыбысы негізінде қабылдайды. | Бейнелеу әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдылар мен біліктерді игереді. | Айналадағы және жақын адамдарға қамқорлық көрсетеді. |
| **Қыркүйек**<br>**Өтпелі тақырып: «Шағын орталық»**<br>**Мақсаты:** айналаға деген көзқарасын қалыптастыру,шағын орталық,ойыншықтар туралы түсіндіру, өзара көмек көрсете алуға баулу, балалармен достық қарым-қатынаста бола білуге тәрбиелеу. | | | | |
| **Қыркүйек. (І апта) 1.09-3.09.21ж.**<br>**Тақырыпша: «Менің шағын орталығым»** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Мақсаты:** ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыру, шағын орталық туралы түсінік беру, шағын орталық ішіндегі мамандармен таныстыру, сөйлеу тілін жетілдіру, құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Біз азырақ сергідік...»<br>Педагогтің нұсқауларын тыңдау және орындау дағдыларын қалыптастыру; сапта жүріп бара жатқанда педагогтің белгісі бойынша бағытын өзгертуге үйрету.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Таза ауада өткізу<br>Тақырыбы:<br>Футбол добымен танысамыз**».**<br>Футбол добымен ойнау дағдыларын қалыптастыру; организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтарым»**<br>Ойыншықтардың түрлерін ажыратады,өлең мәтінін түснеді,жатқа айтуға білуге үйрету. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат»**<br>Жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: ««Не салғым келсе, соны саламын».**<br>**/Өз бетінше сурет салу /.**<br>Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей білуге үйрету. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Менің шағын орталығым»**<br>Шағын орталық және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. |

**Қыркүйек. (ІІ апта) 06.09-10.09.21ж.**

**Тақырыпша: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**

**Мақсаты:** балалардың өз сүйікті ойыншықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру, педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар жайлы шағын

<table>
<tr><td colspan="5">әңгімелерді бейнелеп айта білуге үйрету,  белгілі бір бейне жасауда түстердің үйлесімділігін және заттардың суретін салуда ұсақ бөлшектері ғана емес, олардың сипаты мен сапасына сәйкес ерекшеліктерін бере білуге жаттықтыру,  хабарлы сөйлемді қолдану арқылы өз ойларын дұрыс жинақтап,қысқаша әңгіме құрай білуге үйретуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойыншықтармен дұрыс ойнай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:<br>«Біз епті балалармыз»<br>Баланың қозғалыс қабілеті мен үйлесімділігін дамыту.<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Түрлі түсті кегельдер».<br>Секіру және допты домалату дағдыларын дамыту.<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Ойна – көңіл көтер.<br>Таза ауада өткізу»<br>Организмнің функционалдық мүмкіндіктерін дамыту.</td><td>Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: « Қуыршақ бізге қонаққа келді».<br>а)Педагогтің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу білігін жетілдіру,<br>ә)Өз ойын еркін жеткізуге,жаңа сөздерді меңгертуге баулу.б)Эстетикалық талғамын арттыру.<br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы:<br>«Ойыншықтарым»<br>Ойыншықтардың түрлерін ажыратады,өлең мәтінін түсінеді,жатқа айта білуге үйрету.<br>Орыс тілі<br>Тема: «Игрушки.Кто работает в детском саду.»<br>Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы,называть игрушки и работников мини-центра на русском языке.</td><td>Математика негіздері<br>Тақырыбы: «3-4 сандарын салыстыру,үлгі бойынша санау,жұмбақтар.Жыл мезгілдері(күз).Оң жақта,сол жақта».<br>Санау тәсілдерін пайдалана отырып,заттарды санауды үйрету.<br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Ойыншықтар»<br>Ойыншықтар туралы біледі,өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп (түсі, көлемі, материалы, жасалуына қарай алуан түрлі болатыны, әңгімелеп айтып беруге үйрету.<br>Құрастыру<br>Тақырыбы:<br>«Сылдырмақ».<br>Қалдық заттармен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, дайын болған жұмыстарды толықтыру және безендіру арқылы</td><td>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым».<br>Белгілі бір бейне жасауда түстердің үйлесімділігін және заттардың суретін салуда ұсақ бөлшектері ғана емес,олардың сипаты мен сапасына сәйкес ерекшеліктерін бере білуге жаттығып,өз таңдауымен сурет салады.<br>Музыка<br>Тақырыбы: «Кір қуыршақ»<br>Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу,музыкалық қабілетін дамыту.<br>Музыка<br>Тақырыбы: «Шар».<br>Әнді айта отырып түстерді ажырата білуге үйрету.Есту қабілетін дамыту.</td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td></td><td>шығармашылық<br>қиялын дамыту</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="5">Қыркүйек. (III апта) 13.09-17.09.21ж.<br>Тақырыпша: «Менің отбасым»<br>Мақсаты: отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы, қызметтері мен қарым-қатынастары туралы әңгімелеуге; әңгімелесу барысында (амандасу, қоштасу, алғыс айту) әдептілік қарым- қатынас мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты сөздерді қолдануға , өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақтарға жауап беруге, басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, түсіне білуге ынталандыру; отбасы мүшелеріне құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.</td></tr>
<tr>
<td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Көгалда(АКТ)».<br>допты домалата білу және тізерлеп жүру дағдыларын дамыту.<br>Міндеттері: өкшемен отырып, допты бір-біріне домалату қабілетін жетілдіру (қашықтық – 2 метр), допты қашықтыққа қарай итеру қабілетін дамыту.<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: Күзгі гүлшоғы<br>Тепе-теңдікті сақтау, қозғалыс үйлесімділігі дағдыларын</td>
<td>Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Қонақтарды күтеміз».<br>Мақсаты:<br>Қонақ күту жайлы түсіндіру.<br>Міндеттері:<br>а) Заттарды топтастыра суреттеуге үйрету, (ыдыстар:<br>асүйлік, асханалық).<br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Бауырсақ» орыс халық ертегісі<br>балаларға ертегі мазмұнын түсіне білу дағдыларын қалыптастыру;<br>- орыс халық ертегісі «Бауырсақпен» таныстыру;</td>
<td>Математика негіздері<br>Тақырыбы: Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы.<br>Мақсаты: заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою;<br>«үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Бізді қоршаған табиғат<br>Жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Көзбен қабылдау, фонематикалық есту</td>
<td>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Орамалды әшекейлеу» сәндік сурет.<br>ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту. Балаларды шаршының ішіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің бірі «омыртқамен» таныстыру, оның суретін салу жолдарын меңгерту, эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу.<br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы: « Алма мен алмұрт». Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін меңгерту; күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру; алма мен алмұртты салыстыру арқылы пішініндегі</td>
<td>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Тақырыбы: «Менің отбасым»<br>баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейте отырып, өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау.<br>Туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейту; балаларды отбасылық мерекелер мен салтанатты іс-шараларға қатысу дағдыларын дамыту; отбасы мүшелеріне, олардың әрекеттері мен өзара қарым-</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>Таза ауада<br>өткізу.<br>**Тақырыбы: « Біз ойнағанды жақсы көреміз».**<br>Көтеріңкі заттың үстімен жүру, секіру дағдыларын қалыптастыру. | - қызығып тыңдауға, кейіпкерлерді және олардың сөздерін есте сақтап қалуға үйрету;<br>-зейінін дамыту;<br>- сергектікке тәрбиелеу. | қабілетін, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу. | айырмашылықты анықтау; ермексазды<br>домалақтау, созу тәсілдерін қайталау.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біздің атай»** күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды әнмен отбасы мүшелеріне жеткізе білуге үйрету,әнді ынтамен айтуға баулу. | қатынастарына түсіністікпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу. |
| **Қыркүйек. (IV апта) 20.09-24.09.2021ж.**<br>**Тақырыпша: «Жиһаз»**<br>**Мақсаты:** жиһаз туралы түсініктерін қалыптастыру, жиһаз туралы түсінік беру, жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру, сөйлеу барысында зат есімдер мен сын есімдердің сандық және септеулік түрленуін қолдана білуге баулу, баланың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту. ұқыптылыққа, жинақтылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көгалдағы ойындар»**<br>Арқанмен жүру және доптарды домалату дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сымбатты дене»**<br>Велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру.<br>Секірген кезде | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақтың бөлмесі»**<br>Әр заттың не үшін қажеттігін<br>әңгімелеп айтуға үйрету; балаларды жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Комнатная мебель»**<br>Учить отвечать на короткий вопрос простым предложением.<br>Расширить знания о | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі. Сол жағында, ортасында, оң жағында».**<br>4 көлемінде санау дағдыларын, тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдірін қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ағаштар мен бұталар»**<br>**Мақсаты:** Табиғаттың | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қандай заттың пішіні шаршыға ұқсайды»** өз бетінше сурет.<br>Шаршы пішіндес заттардың суретін салуды үйрету, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығымен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Жан-жақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Тату доспыз бәріміз».**<br>Балаларды | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| аяқтарды кезекпен ауыстыруды үйретуді жалғастыру (бір аяқ алда, екіншісі – артта). Кішірейтілген алаңда жүргенде тұрақты тепе-теңдік сақтау жаттығуларын жасау, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Орман жұмбақтары».** Секіру және доғаның астымен еңбектеу дағдыларын бекіту;екі аяқтың ұшымен серпіле секіру (аса биік емес) қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Адымын қолдың шынайы қозғалысымен үйлестіріп басу, сызықтан шықпай жүру қабілетін нығайту. | предметах ближайшего окружения (мебель). Формировать навыки использования в речи имена существительные единственного числа. | жанды нысандары туралы түсініктерін жүйелеу. Балабақша аумағындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді ( ағаштар мен бұталар) ажырату және атай білу дағдыларын дамыту. Өсімдіктер әлеміне қызығушылығын тәрбиелеу. **Құрастыру** **Тақырыбы: «Жиһаз»** құрылыс материалдарын орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды, кірпіштерді, бөлшектерді пайдаланып жиһаздар құрастыра білуге үйрету. | достыққа,бірлікке,татулыққа шақыру.Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. **Музыка** **Тақырыбы: «Балдырғандар әні»** Балаларды Отанын,жерін сүюге баулу.Ән арқылы қуана білуге үйрету.Әнді көңілді,ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. | |

**Қазан.**

**Тақырыбы: «Қош келдің, алтын күз!»**

**Мақсаты: :** күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру, күз туралы түсінігін кеңейту, жыл мезгілінің ерекшелігін бақылату, қоршаған ортадағы табиғат өзгерістері, күзгі адамдар еңбегі туралы айта білуге, байланыстырып сөйлей білуге төселдіру. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу.

**Қазан. (І апта) 27.09- 01.10.2021ж.**
**Тақырыпша: «Бірге еңбек етеміз!»**

**Мақсаты:** Еңбек ету дағдыларын қалыптастыру,еңбек,еңбексүйгіштік туралы түсінік беру,еңбек ету дағдыларын дамыту,еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Маймылмен ойнаймыз».**<br>Допты домалату және арқанның астымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жіппен ойнаймыз».**<br>Жерде жатқан жіптің үстімен жүру және биіктікке секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Әдемі болайық».** Стандартты емес жабдықты пайдалану арқылы бой түзулігінің бұзылуының профилактикасын өткізу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай бағбан (М.Төрежановтың әңгімесін әңгімелеу)**<br>Кішкентай бағбан» әңгімесінің мазмұнын түсіндіру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Шалқан» орыс халық ертегісі**<br>Ертегіге деген қызығушылықтарын ояту;<br>- балаларды жаңа ертегісі мнемокесте арқылы таныстыру, ертегіні тыңдай білуге үйрету;<br>- зейінін дамыту;<br>- бірлікке, ұйымшылдыққа, сыйластыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы».**<br>Заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Мол өнім»**<br>Көгөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту.<br>Табиғатқа қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Дәмді алмалар». /Заттық сурет салу/.**<br>Алманың суретін сала білуді үйрету.<br>Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламды жүргізу. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру».<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Саңырауқұлақтар»**<br>Балалардың геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша) қию әдістерін меңгеру дәрежесін арттыру, кеңістікте орналастыра білуге үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, қол, саусақ қимылдарын жетілдіру. Табиғат әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Күз** | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы**: **«Күз сыйы»**<br>Күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау, адамдардың күзгі әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | **жомарт».** Музыканың динамикалық түрлерін ажырату,әртүрлі жанрлар түсініктерімен танысу. | |
| **Қазан. (ІІ апта) 04.10- 08.10.2021ж.**<br>**Тақырыпша: «Сәлем, Алтын Күз!»**<br>**Мақсаты:** күз туралы түсіне білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру, күз байлығы жайлы түсіндіру, сөйлеу тілдерін дамыту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ерекше шар».** Доптарды бір-біріне домалату, арқанмен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру. «Отырып» бір-біріне допты домалату (қашықтық – 2 метр).<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Организмді шынықтырамыз».**<br>Самокат тебу және секіру дағдыларын қалыптастыру;тыныс алу мен дем шығару актілерін реттеуді<br>үйрету. Сапта жүрген кезде бағытты өзгерту қабілетін жетілдіру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қоянға** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Бақша және бақ (жемістер мен көкөністер арқылы оқыту ойыны).**<br>Бақша мен бақтың айырмашылығын түсіндіру.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Осень.Овощи.»**<br>Учить детей называть овощи на русском языкебназывать их обобщающим словом,формировать представление о труде людей осенью. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі. Сол жағында, ортасында, оң жағында.»**<br>4 көлемінде санау дағдыларын, тәулік бөліктері,<br>заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдірін қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Алтын күз келді!»**<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Бақшадағы алма ағаштары» мазмұнды сурет.**<br>**Мақсаты**: алма ағаштың көрнісін сала білуге үйрету. Алма ағаштың құрлысының ерекшелігіне сәйкес оның бөліктерін, бір-біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету. Ағаш діңін қылқаламмен бастыра сызу және жапырақтары мен алмаларын әдемі бояуға жаттықтыру. Көріністі қабылдауын дамыту, түстермен ырғақты сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Күзгі орман».**<br>Музыкаға әсерленуді байыту,дыбыс жоғарылығын,ырғақтық,те | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **сауығып кетуге көмектесейік».**Жоғары қарай секіру және төрттағандап еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. | | табиғат күнтізбесіне белгілей<br>білуді үйрету. Қарапайым дербес тәжірибе әрекетін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Құрдастарына достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жапырақ-тардан жасалған балықтар».**<br>Табиғи материалдардың қасиеттерімен таныстыру, балаларды<br>жапырақтан түрлі заттар даярлауға<br>баулу, үйрету, табиғи материалдарды<br>дұрыс пайдаланып, ұқыпты жұмыс<br>жасай білуге тәрбиелеу. | мбрлік,динамикалық есту қабілетін дамыту.Әртүрлі жанрлар түсініктерін қалыптастыру.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Күз байлығы».** Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету.Әннің шираң,сергек,сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қазан. (III апта) 11.10- 15.10.2021ж.**<br>**Тақырыпша: «Жомарт Күз»**<br>**Мақсаты:** Күзгі табиғат туралы түсініктерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы айта білуге,адам үшін жемістер мен көкөністердің маңызы туралы мәлімет беру.Күз мезгілінің ерекшеліктерін бағалай білуге тәрбиелеу.Күзгі табиғаттың сұлулығын тамашалай білуді жалғастыру. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Мұқият болайық».** Допты дамалату және бір орында тұрып секіру дағдыларын қалыптастыру; допты | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Жаз, күз (Сурет бойынша әңгіме құрау)».**<br>Жаз және күз мезгілдерінің | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1 саны мен цифры. Сол жағында, оң жағында. Шеңбер мен шаршы».** 1 цифрымен таныстыру; заттардың | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Үлкен және кішкентай сәбіздер». /Заттық сурет/.**<br>**Мақсаты**: Сәбіздің суретін сала білуге үйрету. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Ас атасы – нан».**<br>Балаларға нанның дастарқанға үлкен |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| заттардың арасымен домалатқан кезде доп траекториясы бағытын өзгертуді үйрету.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті кілемшелер».**<br>Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу,<br>қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы<br>тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Орамал»**<br>Қазақ ойындарын пайдалану арқылы қозғалыс тәжірибесін байыту. | айырмашылықтарын әңгімелеуге<br>үйрету.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Шұбар ала тауық»ертегісі.**<br>Балаларды «Шұбар ала тауық» ертегісімен таныстыру. Ертегіні мұқият тыңдауға, онда болып жатқан оқиғаларға сезімталдықпен үн қосуға үйрету. Зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Талнынысқа және кітапқа қатты қызығушылық танытуға тәрбиелеу. | кеңістікте<br>орналасуы (сол жақта, оң жақта, ортасында),<br>шеңбер, шаршы<br>туралы білімдерін бекіту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Дастарқанға нан қайдан келеді?».**<br>Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. | Сопақша пішіннен бейне жасауды,<br>бейнені қабылдауын дамыту, түстермен ырғақты сезіне білуге үйрету.<br>Батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Бақшадағы қызанақ пен қияр».**<br>Түрлі тәсілдерді қолданып<br>мүсіндеуге үйрету.<br>Міндеттері: көгөністің адам ағзасына<br>пайдасы туралы<br>мағлұмат беру; көгөніс түрлері туралы<br>білімдерін дамыту;<br>ермексазды алақан арасына салып есу,<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Жемістер бағында»**<br>Музыкаға деген сезімін ояту,қарапайым ырғақтармен би билеуді үйрету. | еңбекпен<br>келетінін түсіндіру.<br>Ауылшаруашылығындағы ересектер еңбегі<br>туралы білімдерін қалыптастыру. |
| **Қазан. (IV апта) 18.10- 22.10.2021ж.**<br>**Тақырыпша: «Ас атасы -нан»**<br>**Мақсаты:** Нан өнімдерімен таныстыру**.** Ас атасы нан туралы түсініктерін бекіту.Нанды қастерлеуге және диқандар еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.Бидайдың құндылығы туралы түсінік беру.Бидайдың өсуі мен нан пісіру кезеңдерімен таныстыру.Нанды қадірлеуге,қастерлеуге тәрбиелеу. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті орамалдар».** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Масақ» украин халық ертегісі**». | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1 цифры. Жылдам – баяу.** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Алтын күз». /Мазмұнды сурет/.** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бой түзулігінің бұзылуының профилактикасы, үйлесімділік қабілеттерін дамыту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Достармен бірге ойнаймыз».**<br>Ойындар және спорттық жаттығулар арқылы кеңістікті бағдарлауын дамыту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақтар:Айя, Майя, Серік пен Арман».**<br>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынмен қозғалу білігін дамыту. | Ертегінің әңгімеден айырмашылығын түсіндіру; балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету, өз ойларымен бөлісе отырып, «т», «в» дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Фрукты»**<br>Учить умению называть фрукты на русском языке,употребляя обобщающие слова.Закрепить знание детей по теме «Овощи». | **Үшбұрыш».**<br>1 цифры туралы білімдерін бекіту; «жылдам, баяу» ұғымдарын, әртүрлі өлшемдегі үшбұрыштар туралы білімдерін қалыптастыру.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Көп қабатты үйлер».**<br>Көп қабатты үйлерді құрастыруды үйрету, үлгі бойынша құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Алтын жапырақ төккен күз».**<br>Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) бақылау, бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылықтарын ояту. | Күзгі табиғат әсерлерін қағаз бетіне бейнелеу. Күзгі ағашты, оның бөліктерін анық етіп салуды үйрету. Ағаштың діңін төменнен жоғары қарай, яғни жоғары жағы жіңішке төмен жағы жуан болатынын айту, бұталарын, жапырақтарын көлденеңнен салып үйрету, саусақ қимыл қозғалыстарын еркін пайдалану, сызықтарды батыл жүргізу, түстердің үйлесімдігін сезіну, заттың пішінін ұқсата салуға үйрету.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Жау,жаңбыр».**<br>Музыканы тыңдау,есте сақтау,әнді айту,дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Бұл қай кезде болады?».**<br>Әуенді сергек айту,тыңдау,ойын қимыл арқылы ырғақты сезіндіру. | |

**Қараша. Тақырыбы: «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:** табиғат туралы түсінік беру, табиғат әлемімен таныстыру, жыл мезгілдері (күз) туралы түсініктерін қалыптастырып, есте сақтау, танымдық, сөздік қорларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сүйіспеншілікке, әсемдікке, ұқыптылыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

**Қараша. (І апта) 25.10- 29.10.2021ж.**

**Тақырыпша: «Тірі  және өлі табиғат»**

**Мақсаты:** өлі және тірі  табиғат туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, өлі ,тірі  табиғат туралы қарапайым түсінік беру, берілген сұрақтың нақты жауабын тауып, айта білуге үйретіп дағдыландыру, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып сандық»**<br>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынмен қозғалу білігін дамыту;қатар жатқан қос сызықтың ортасымен кең адымдап жүруге үйрету.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қонжық қалай шынықты?».**<br>Қозғалыс үйлесімділігі дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ойна әрі шымыр бол!»**<br>Денсаулығын күте білуін қалыптастыру, майтабан профилактикасын өткізу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Көжекпен ойналық (Дидактикалық ойын)».**<br>Жануарлардың тіршілігі жайлы мәлімет бере отырып, ауызша сөйлеулерін дамыту, сөздік қорларын толықтыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Үйшік»ертегісі.**<br>Балаларды ертегімен таныстыру, ертегіні тыңдай білуге үйрету, мазмұнын түсіндіру, бірлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «2 саны мен цифры. Үшбұрыш. Қысқа – ұзын. Жақын –алыс».**<br>2 цифрымен таныстыру; «ұзын, қысқа, тар, кең» және «дөңгелек» туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Аяғы бар қалпақтар».**<br>Саңырауқұлақтардың 2-3 түрін ажырату және атай алу дағдысын қалыптастыру. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін дамыту.<br>Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым-қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Күз бейнесі». (Саңырауқұлақтар салу) мазмұнды сурет.**<br>Балаларды табиғат жанрымен таныстыру, балалардың күзгі табиғаттан өздерінің бақылағандарын суреттерінде көрсете білу дағдыларын қалыптастыру, суретке мазмұн бере білуге және  жіңішке қылқаламмен бүтін және жартылай сопақшақшадан тұратын бейне салу, жағу, басу арқылы жалпақ, жуан із қалдыру, көлденеңнен жағыс. Отанды, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»**<br>табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту, қағазды қатпарлап бүктеу арқылы қию дағдыларын жетілдіру, заттарды дұрыс орналастыруға үйрету. Қол қимылдарын арттыру, ьтабиғатты | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Жанды табиғат және жансыз табиғат»**<br>Балалардың жансыз табиғат нысандары, табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Міндеттері: - балаларға табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр туралы қарапайым түсінік беру. - жансыз табиғат нысандары – су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту; - маусымдық өзгерістерді дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | сүюге, еңбекке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Күзгі қойма». (Алма ертегісі бойынша).** Музыканы тыңдата отырып ішкі сезімін ояту.Дыбыстарды бірте бірте көтеру,қимылдарды ілесе қайталату. | |
| **Қараша. (ІІ апта) 1.11- 5.11.2021ж.**<br>**Тақырыпша: «Жабайы табиғат әлемі»**<br>**Мақсаты:** орманда өзін – өзі ұстау қабілеттерін қалыптастыру, жабайы табиғат әлемімен таныстыру, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін және зейінін, шығармашылығын  дамыту, өзін ұстай білу мәдениетін, тәрбиелеу. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көңілді құртақандар»**<br>Доппен жаттығу жасау және сызық арқылы секіру дағдыларын қалыптастыру;допты алға-жоғары көтеріп, оны қос қолдап<br>қағып алуға үйрету.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Футбол ойнауды**<br>**үйренеміз».**<br>Футбол добымен ойнау дағдыларын қалыптастыру; футбол добын еркін бағытта алып жүруге үйрету<br>**Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Айлакер түлкі» орыс халық ертегісі».**<br>Ертегі мазмұнын түсіндіру;сөйлеу мәнерін қалыптастыру.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема:  «Дикие животные»**<br>Учить называть диких животных на русском языкеботвечать на вопросы,используя в речи подходящие по смыслу существительные,глаголы и прилагательные, образовывать существительные в единственном и множественном числе. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «2 саны мен цифры. Жақын – алыс.».**<br>Цифр туралы білімдерін бекіту. 2 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау;<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**: «**Алтын жапырақ төккен күз**».<br>Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) бақылау, бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Кірпі».**<br>табиғи материалдармен | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Үй».<br>/заттық сурет салу/.<br>**Мақсаты**: Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:«Кәне, қызық ойын бар».**<br>Музыка ырғағына сай қимылдар жасауға үйрету,музыкалық есту қабілеттерін арттыру.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:«Мерекелік ән мен би».** Балаларға мерекелік көңіл күй | . |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Тақырыбы: «Менің көңілді, ұшқыр добым».** Доппен жаттығулар жасау дағдыларын дамыту;допты жоғары лақтыруға және оны қос қолдап қағып алуға үйрету. | | құрастыру дағдыларын қалыптастыру, орман аңдары туралы білімдерін бекіту, табиғи материалдарды тиімді пайдалануға үйрету. | сыйлау,белгілі әуенге қимылдар жасауға үйрету. | |
| **Қараша. (ІІІ апта) 8.11- 12.11.2021ж.**<br>**Тақырыпша: «Қазақстанның жыл құстары»**<br>**Мақсаты:** балалардың жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту, тоқылдақ, қарлығаш, тырна, аққу,т.б. құстардың табиғат байлығын қорғауға тигізер пайдасына тоқталу, сөздік қорларын дамыту, қамқорлыққа, аяушылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті доптар».** Доппен жаттығулар арқылы қозғалыс тәжірибелерін байыту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті сызықтар».** Тұрақты тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру;балаларды етпетінен жатып, қолдың көмегімен гимнастикалық орындық үстімен еңбектеуге үйрету.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Епті және күшті боламыз».** Күш пен ептілікті, допты меңгеру дағдыларын дамыту;аяқты тиісті | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Әтеш пен Тоты» ертегісі (Үлгі бойынша мазмұнын айту)».** Ертегіні мазмұндауға үйрету;сұраққа жауап беруде, ертегі жолдарын қолдану арқылы, толық сөйлеммен айта білуге үйретуді жалғастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: ««Бауырсақ» ертегісі».** Ертегі туралы түсінік беру. Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйрету арқылы сөздік қорын дамыту. Қайырымдылыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «3 саны мен цифры. 3 цифрын заттың санымен сәйкестендіру. Кеше, бүгін,ертең.».** 3 цифрымен таныстыру; заттар санын цифрмен сәйкестендіру; тәулік бөліктері туралы білімін бекіту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Қанатты достар».** Қыстап қалатын құстар мен жыл құстары туралы жинақталған түсініктерін қалыптастыру. Құстардың дене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Түрлі-түсті үшбұрыштар» өз бетінше сурет.** Үшбұрышты заттарды атай білуді үйрету,кеңістікті, түстерді сезіне білуді, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығымен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Әдемі торғай».** Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету; құстар туралы білімдерін дамыту. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «**Құстар – біздің досымыз**». Құстарды мекеніне қарай ажырата білуге үйрету;үй, дала құстары, қыстап қалатын және жыл құстары туралы білімдерін кеңейту. Оларды ажыратып, атай білуге үйрету; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жерінде: алыстан және затқа қатты жақындамай, дер кезінде итеру қабілетін қалыптастыру. | | | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Торғайлар».** Әуенге эмоциялық үн қосуға,сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға ,ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. | |
| **Қараша. (IV апта) 15.11- 19.11.2021ж.**<br>**Тақырыпша: «Үй жануарлары»**<br>**Мақсаты:** үй жануарлары туралы түсінік қалыптастыру, үй жануарлары және олардың адамға пайдасы туралы түсінік беру, оларды бағып – күту жайындағы білімдерін кеңейту және бекіту. Үй жануарларына қамқорлықпен карауға тәрбиелеу. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Епті болайық».**<br>Үйлесімділік қабілеттерін дамыту, доппен жаттығу жасау дағдыларын жетілдіру. Міндеттері: допты төмен қарай еденге лақтыру<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Спорт элементтері бар ойындар».**<br>Спорттық ойындар элементтері арқылы қозғалыс тәжірибесін байыту;бір орыннан ұзындыққа секіру кезінде бастапқы қалыпта дұрыс тұру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз – көңілді** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Ит және оның кішкентай күшіктері (Сурет бойынша әңгімелеу).**<br>Үй жануары – ит туралы мәліметтер беру, сурет арқылы әңгімелей білу дағдыларын дамыту.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Домашние животные».** Узнавать и называть домашних животных на картинках,правильно называть их на русском языке. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1, 2, 3 цифрлары. Биік аласа.».**<br>1, 2, 3 цифрлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қошақан».**<br>Қағаздан құрастыруда ширату немесе шиыршықтау әдісін қолданып қошақанды жасай алуға үйрету, қағазды орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жабайы және үй жануарлары».**<br>Үй жануарлары және Қазақстан аумағында | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: « Мені қызықтыратын жануарлар» /өз бетінше сурет/**<br>Үй жануарлармен таныстыруды жалғастыру, геометриялық пішіндер арқылы және «жапырақ» тәрізді бейнеге келтіру әдіс – тәсілін пайдаланып, қойдың суретін сала білуге үйрету, қол қимылдарын, ойлануға, қиялын дамытуға тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Төлдер».**<br>Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу,тыңдау, «жоғары» және «төмен»дыбыстарын айыру,екі бөлімді әнді | |

<table>
<tr>
<td>балалар».<br>Доппен жаттығу жасау біліктерін қалыптастыру. Міндеттері: допты еденге лақтыру, жерге тиіп секірген допты қос қолдың еркін қимылымен қағып алу қабілетін дамыту.</td>
<td></td>
<td>мекендейтін жабайы жануарлар туралы, үй жануарларына күтім көрсету ерекшеліктері, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері, өмір қалпы туралы түсініктерін кеңейту.</td>
<td>ажырата білуге үйрету.<br>Музыка<br>Тақырыбы: «Мысық қашады,күшік қуады».<br>Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту,ынтасын тәрбиелеу.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="5">Желтоқсан. Тақырыбы:«Менің Қазақстаным»<br>Мақсаты: жас ұрпаққа президентіміздің сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екені жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>Қазақстан Республикасының бас қаласы Астана туралы , Қазақстан Республикасының рәміздерін танып біліп, айтып беруге үйрету. жетілдіру.<br>Отансүйгіштікке, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="5">Желтоқсан. (I апта) 22.11- 26.11.2021ж.<br>Тақырыпша: «Туған өлкемнің байлығы»<br>Мақсаты: туған өлке туралы түсініктерін қалыптастыру, туған өлке туралы түсіндіру, сөйлеу тілдерін жетілдіру, үлкендер еңбегін құрметтеуге, туған жердің табиғатын сүйе білуге, қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.</td>
</tr>
<tr>
<td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Ерекше орындықтар».<br>Тепе-теңдікті сақтау және еңбектеу жаттығулары арқылы организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыру.<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Достармен ойнау».<br>Нысанаға дәлдеп лақтыру және ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Дербестікке үйренеміз».</td>
<td>Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Қыс қызығы (Сурет бойынша әңгімелеу)».<br>Қыс мезгілі жайлы түсіндіру;балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйретуді жалғастыру.<br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі».<br>Ертегілермен таныстыру, сұраққа толық жауап бере білу жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату.</td>
<td>Математика негіздері<br>Тақырыбы: «3, 4 цифрларын салыстыру. Кең – тар. Шаршы.».<br>Заттар санын цифрмен сәйкестендіре алу дағдыларын қалыптастыру; шаршыны зерттеу.<br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Біздің өлкеге қыс келді».<br>Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын дамыту.<br>Құрдастарымен және ересектермен еркін</td>
<td>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Ақ қар» /қардың суреті/ заттық сурет.<br>Қардың жауып тұрған бейнесін бере білу, суретті салу үшін суық түстерді таңдап алу, қардың ерекшеліктері жайында түсініктерін қалыптастыру, суретке көркемдік кіргізе білуді үйрету, әсемдікке тәрбиелеу»<br>Жапсыру<br>Тақырыбы: «Түлкі».<br>Үшбұрыштарды және сопақша пішіндерді қиюды үйрету, бұрыңғы</td>
<td>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан»<br>Отан туралы түсініктерін кеңейту;Қазақстанның кең-байтақ, бай мемлекет екенін түсіндіру.<br>Мемлекет астанасы туралы түсінік беру.<br>Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы түсініктерін дамыту: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туымен</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Нысанаға дәлдеп лақтыру дағдыларын қалыптастыру. | | қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Туған өлкенің табиғатымен қарымқатынаста адамгершілік-эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу. | оқу іс-әрекеттерінде қолданған әдіс-тәсілдерін өз еріктерімен үйлестіре білуге үйретуді жалғастыру, қайшыны қолдану іскерліктерін бекіту. **Музыка** **Тақырыбы: «Менің Отаным»** Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету,музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. | таныстыру. |
| **Желтоқсан. (ІІ апта) 29.11- 03.12.2021ж.** **Тақырыпша: «Біздің Көшбасшы!»** **Мақсаты:** Көшбасшы туралы түсініктерін қалыптастыру, президент, рәміз туралы түсінік беру, таныстыру, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, елін, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | | | | |
| **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Көңілді тышқандар».** Футбол элементтерін қолдану, кеңістікті бағдарлау (оңға-солға) дағдыларын қалыптастыру. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** «Епті болуға үйренейік»**.** тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; бір орыннан итеріле отырып, көлденең жолмен сырғанауға, тепе- | **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Қонжық бізде қонақта ».** Қонақта өздерін қалай ұстау керектігін түсіндіру. **Орыс тілі** **Тема: «Наша Родина-Казахстан».** Формировать у детей первоначальные представления о родном городе и Родине-Республике Казахстан.Учить называть | **Математика негіздері** **Тақырыбы: «Заттар тобын теңестіру».** Үлгі бойынша санау дағдыларын қалыптастыру; санның, заттардың кеңістікте орналасуына тәуелсіздігін түсіну; кеңістікте бағдарлай алу. **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Құстарға қыста қамқор бол».** Өлкеде қыстап қалатын | **Сурет салу** **Тақырыбы: «Аққала» .** **/ заттық сурет/.** **Мақсаты**: Аққала суретін салу үшін суық түстерді көгілдір, қара көкті таңдап алу. Қылқаламды әр түрлі басып қатты, ақырын, жуан жіңішке із түсіру, дөңгелекті үзіліссіз салуға жаттықтыру, балалардың көз мөлшерін, байқампаздығын дамыту. **Музыка** **Тақырыбы: «Қазақстан-кең- байтақ елім».**Әнді | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| теңдікті сақтауға үйрету.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Құртақанға күлуді үйретейік».**<br>Баланың денсаулығын қорғау және нығайту, дене тәрбиесіне қызығушылығын дамыту, денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, қозғалыс қабілеті мен икемділігіне талпындыру. | на русском языке символы Казахстана. | құстар туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауын, шығармашылық қиялын дамыту.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Кітапша».**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету, қағаздың тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп бұрыштарды және тараптарды біріктіру. | тыңдап,сезіне білуге,ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру,дыбыс биіктігі,тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қыс өрнегі».** Әнді сезіммен,нақышына келтіріп айтуға,әуенді тыңдап,әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру. | |
| **Желтоқсан. (ІІІ апта) 6.12- 10.12.2021ж.**<br>**Тақырыпша: «Қыс мезгілінің кереметі»**<br>**Мақсаты:** Балалар табиғат көріністерін сипаттап,қыс қызықтарын айтуға үйренеді,сөздік қорлары молаяды. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ағаларымыз сияқты күшті болайық».**<br>Доппен жаттығу жасау және еңбектеу арқылы салауатты өмір салтына машықтарын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ойнай жүріп, есте сақтауды дамытамыз».**<br>Қысқы ойындарға қызығушылықтарын | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қыс қызығы (Сурет бойынша әңгімелеу)».**<br>Қыс мезгілі жайлы түсіндіру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Қолғап» ертегісі**<br>Ертегі мазмұнын түсіне отырып ауызша айтуға үйрету. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «4 саны мен цифры. Үлкен – кішкентай.».**<br>4 цифрымен таныстыру; заттардың шамасы, бөлімі бойынша алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; зейіндерін дамыту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жануарлар қысқа қалай дайындалады?».**<br>Орман жануарларының | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Қысқы көрініс» мазмұнды сурет.**<br>Көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктерін бекіту, суреттке байланысты жағымды көңіл күй туындату, мазмұнын нақты жасауды, қылқаламның толық ұшымен, жеңіл сүйкей жағу тәсілімен, оңнан солға қарай бояуға | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: «Менің жаңа Астанам»**<br>**Мақсаты:** Республикамыздың қазіргі орталығы- бас қаласы туралы әңгімелесу.Астана туралы түсінік береді. |

<table>
<tr><td>қалыптастыру.<br> Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Біздің шағын стадион.».<br>Көз мөлшерін дамыту, салауатты өмір салты машықтарын қалыптастыру.<br><br>.</td><td></td><td>тіршілік ету қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жабайы жануарлардың қысқа дайындықтарымен танысу.</td><td>дағдыландыру<br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы: «Шырша әні (сюжетті ұжымдық жұмыс)». Кескіштің көмегімен жасалған бұйымдарды безендіруге тырысуын ынталандыру.<br><br>Музыка<br>Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында»<br>Шығарманы аяғына дейін тыңдауға,әуен сипатын анықтай білуге баулу.Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру,көтеріңкі көңіл күй сыйлау.</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="5"> Желтоқсан. (IV апта) 13.12-17.12.2021<br>Тақырыпша: «Тәуелсіз Қазақстан!» Мақсаты: Қазақстан Республикасы туралы түсініктерін қалыптастыру.Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру.Еліміздің рәміздері,астанасы туралы түсіндіру,сөйлеу тілін дамыту,сөздік қорларын жетілдіру,Отанды,елді қорғауға,сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Қуыршақтар дүкені».<br>Қозғалысты мәнерлеп орындау дағдыларын ырғаққа үйрету.<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Қысқы ойындар». Спорттық жаттығулар арқылы қозғалыс үйлесімділігін</td><td>Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Аязатаны біз қалай қарсы алдық? (Өз тәжірибесінен әңгімелеу)<br>Мақсаты: Жаңа жыл мерекесі жайлы түсінік беру.<br>Орыс тілі<br>Тема: «Праздник елки»<br>Цель: представлять о праздновании нового года.</td><td>Математика негіздері<br>Тақырыбы: «4 саны мен цифры. Логикалық есептер.». :1 цифры туралы білімдерін бекіту; кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру.<br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Жануарлардың</td><td>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Қысқы табиғаттағы шыршалар». (мазмұнды сурет)<br>Суретке қырау жапқан әр түрлі ағаштарды беруге, аралас техникамен жұмыс істеуге баулу, түрлі бейнелеу құралдарымен жұмыс істеу.»<br>Музыка</td><td></td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| және төзімділікті дамыту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ерекше сайыс».** Жарыстар ұйымдастыру арқылы балалардың қозғалыс әлеуетін дамыту | | **тіршілік етуі үшін не қажет?».**<br>Жануарлардың барлығы тіршілік иесі болып табылатыны, оларды да барлық тіршілік иелері секілді өсіп-өнуі үшін белгілі бір жағдайлар қажет екені туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қар және аққала».**<br>Қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, жырту, умаждау тәсілдері арқылы қағаздан көлемді пішіндер жасай алуға үйрету. | **Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында».**<br>Шығарманы аяғына дейін тыңдауға,әуен сипатын анықтай білуге баулу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қыс қызығы».** Музыканы тыңдап,ырғақты сезінуге баулу.Әнді мәнерлеп айтуға,дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу. | |

**Қаңтар. Тақырыбы:«Ғажайып қыс»**

**Мақсаты:** Қыс мезгілінің кереметтігін,қыстағы табиғатта болатын маусымдық өзгерістермен таныстыру.Қыстайтын құстарды қорғауға және қамқорлық жасауға тәрбиелеу.Қыста жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Балалардың қыс туралы ұғымын тиянақтау,қыстың ерекшеліктерін баяндау.Қыс келбетінің тамаша көріністерін қорғай білуге талпындыру.Балаларды қысқы ойындарды және қыс қызығын тамашалауға,табиғат көрінісін сипаттап,оларды көңілдендіріп қыс ойындарын ойнап,қызықтарын әңгімелету,бүлдіршіндердің шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту,бір біріне қамқор болуға,ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.

**Қаңтар. (І апта) 20.12-24.12.2021**
**Тақырыпша: «Сәлем,Жаңа жыл!»**

**Мақсаты:** Жаңа жылдың қыс мезгіліндегі ең ерекше мерекелердің бірі,отбасы мерекесі екенін балаларға түсіндіру, жаңа жылдық сыйлықтар туралы түсіне біледі, сөйлеуге құлшынысы болады.Аяз ата мен Ақша қар туралы тақпақтарын қайталап еске түсіру,сөйлеу мәдениетін жетілдіру.Мерекеде ұқыпты,көңілді,тәртіпті болуға тәрбиелеу.Жаңа жыл мерекесіне деген қызығушылығын арттыру,түсінік беруді жалғастыру.Әр халықтың Жаңа жыл мерекесін қарсы алу өзіндік дәстүрі бар екенін айтып түсіндіру.

| Дене шынықтыру | Сөйлеуді дамыту | Математика негіздері | Сурет салу | Қоршаған ортамен танысу |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Тақырыбы: «Құртақанмен ойнаймыз».**<br>Жұппен бір-біріне доп лақтыру, ойын жаттығулары арқылы ұзындыққа секіру дағдыларын бекіту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз өсіп келеміз».**<br>Шаңғымен жүру дағдысын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Наурызым қорығы».**<br>Дене шынықтыру сабақтары арқылы экологиялық мәдениеттерін қалыптастыру. | **Тақырыбы: «Ұзын құлақ ақ қоян»** (Кескін бойынша қоян жайлы әңгіме құрау).<br>Әңгіме құрату арқылы ауызша сөйлеулерін дамытуды жалғастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық» ертегісі**<br>Балаларды «Мақта қыз бен мысық» ертегісімен таныстыру. Ертегіні мұқият тыңдауға, онда болып жатқан оқиғаларға сезімталдықпен үн қосуға үйрету. Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. | **Тақырыбы: «Сандарды салыстыру. Алыс– жақын.».**<br>1, 2, 3, 4 цифрлары туралы білімдерін бекіту; сандарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: « Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі»**.<br>Жабайы жануарлардың сыртқы түрі мен тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. | **Тақырыбы: «Біздің әсем шыршамыз». / мазмұнды сурет/.**<br>Жаңа жылдық шыршаның бейнесін сала білуге үйрету, шыршаның бұтақтарымен оның тікендерін көлбеу сызықпен үзіліссіз сызып салуға жаттықтыру, қосымша өз бетінше шыршаға ойыншықтар салдыру, бейнені қабылдауын дамыту, түстермен ырғақты сезіне білуге үйрету<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Шыршаны шарлармен безендіреміз»**<br>шаршыдан дөңгелектерді қия білуге үйренеді, жұмысты соңына дейін бітіруге дағдыланады, саусақ бұлшық еттерінің қозғалысы жетіледі.<br>**Музыка**<br>**«Аяз ата,Қаршақыз».**<br>Қыс кейіпкерлерімен танысу.Музыканы тыңдауға,ілесе айтуға шақыру,би ырғақтарын жасауға талпындыру. | **Тақырыбы: «Табиғат бұрышын мекендеушілер.Тасбақамен танысу».**<br>Табиғат бұрышын мекендеуші жануарлар туралы түсініктерін қалыптастыру. |

**Қаңтар. (ІІ апта) 27.12.21-07.01.2022**

**Тақырыпша: «Жаңа жылдық сыйлықтар»**

**Мақсаты:** жаңа жылдық мереке туралы мағлұматты біледі, жаңа жылдық, басқа да мерекелік көңіл күйді жеткізетін түстерді таңдай білуді игереді, бір - біріне сүйіспеншілік қарым - қатынаста болу, басқаларға қуаныш сыйлай білу қасиеттері қалыптасады.

.Аяз ата мен Ақша қар Жаңа жыл мерекесіне сыйлықтар әкелетіні жөнінде айтып түсіндіру.. Мерекелік көңіл- күйлері көтеріледі.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Еңіс тақтай бойымен** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Аяз атаны қалай | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «5 цифры мен** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Аквариумдағы** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **жүруде тепе-теңдікті сақтау»** «Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіруді біледі, еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтайды, лақтырған допты қағып ала алады. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру»** қол ұстасып, арқаннан ұстап жүреді және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіруді біледі, орындық аяқтарының арасымен еңбектей алады, допты көлденең нысанаға лақтыра алады. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау»** қол ұстасып, арқаннан ұстап жүреді және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіруді біледі, еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтайды, лақтырған допты қағып ала алады | қарсы аламыз» әңгімелеу **Мақсаты:** балалардың Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. **Орыс тілі** **Тема: «Дикие животные».**Учить называть диких животных на русском языке,отвечать на вопросы,используя в речи подходящие по смыслу существительные в единственном и множественном числе. | **саны. Сол жағында, ортасында, оң жағында».** **Құрастыру** **Тақырыбы: «Кірпі».** Табиғи материалдармен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, орман аңдары туралы білімдерін бекіту, табиғи материалдарды тиімді пайдалануға үйрету. **Жаратылыстану** **Тақырыбы: « Құсхананы мекендеушілер».** Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу. | **балықтар». /Мазмұнды сурет/.** **Мақсаты**:аквариумдағы балықтардың ерекшеліктерін білуге; сурет салғанда бір бояудың үстіне екінші бояуды жағуға үйрету, композиция құра білу дағдыларын қалыптастыру, киялын дамыту. **Музыка** **Тақырыбы: «Торғайлар».** Әуенге эмоциялық үн қосуға,сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға,ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. **Музыка** **Тақырыбы:«Шыршамызға арнаймыз».**Музыкалық театр арқылы әндерді,би қимылдарын еркін орындауға үйрету,көңілді мереке сыйлау. | |

**Қаңтар. (II апта) 10.01-14.01.2022**

**Тақырыпша: «Қардың пайдасы»**

**Мақсаты:** Қардың қасиеттерімен таныстыру, ақ ұлпа қар туралы түсініктерін кеңейту, қар қиыршықтары мен қардың суға айналуы т.б. қасиеттері туралы түсінік беру; қыс мезгілінің ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету; табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу; ойлау, тыңдау қабілеттерін дамыту; табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Табиғат құбылыстары жөнінде түсінік бере отырып,қар жөнінде жан-жақты мағлұмат беріп,білімдерін арттыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы асық».**<br>Ойындар мен жаттығулар арқылы ҚР халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «1-2-3 – ойыншықтарға жан бітті!».** Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимыл жасау біліктерін қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: « Сиқырлы дорба».**<br>Секіру және допты бір-біріне лақтыру дағдыларын қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Айлакер түлкі» орыс халық ертегісі**<br>Ертегі мазмұнын түсіндіру, сөйлеу мәнерін қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: **«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі».(қайталау)**<br>Ертегілермен таныстыру, сұраққа толық жауап бере білу жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сандарды салыстыру. Алыс–жақын.».** 1, 2, 3, 4 цифрлары туралы білімдерін бекіту; сандарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі»**.<br>Жабайы жануарлардың сыртқы түрі мен тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Біздің әсем шыршамыз». / мазмұнды сурет/.**<br>Жаңа жылдық шыршаның бейнесін сала білуге үйрету, шыршаның бұтақтарымен оның тікендерін көлбеу сызықпен үзіліссіз сызып салуға жаттықтыру, қосымша өз бетінше шыршаға ойыншықтар салдыру, бейнені қабылдауын дамыту, түстермен ырғақты сезіне білуге үйрету<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Аққала».**<br>Қоршаған орта тақырыбында мазмұндық мүсіндеуге үйрету.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Орманға саяхат».** Ойын арқылы балалардың есту,сезіну,ән айту қабілеттерін қалыптастыру.Сюжетті ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Жануарлар әлемі».**<br>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар және олардың төлдері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. |

**Қаңтар. (III апта) 17.01-21.01.2022**
**Тақырыпша: «Қыс қызығы»**

**Мақсаты:** Балаларға қыс қызығы жайлы білу дағдыларын қалыптастыру, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Қысқы табиғатты бақылап,қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету.Қысқы табиғат құбылыстары(қардың жауғаны,аяз туралы түсініктерін кеңейту).

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы дорба».**<br>Секіру және допты бір-біріне лақтыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Шаңғымен сырғана жүреміз».**<br>Шаңғымен жүрген кезде қимыл үйлесімділігін және тепе-теңдікті қалыптастыру<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы гүл».** Дене шынықтыру жаттығуларының денсаулықпен байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Ц» және «Ч» дыбыстары (сөйлеу мәдениеті)».** Дыбыстар жайлы білімдерін толықтыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Түлкі мен қасқыр» қазақ халық ертегісі** Ертегіні тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру. Мазмұнын әңгімелеп айта білуге және сахналай білуге үйрету. Сөйлеу тілдерін дамыту. Өтірік айтпауға тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «5 цифры мен саны. Сол жағында, ортасында, оң жағында».** 5 цифрымен таныстыру; кеңістікте бағдарлай алу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай достарымыз».** Адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына күтім жасай білу дағдыларын; тәжірибе жұмыстарына қызығушылықтарын, нысандарды салыстыра білу шеберліктерін дамыту. «Жануарларға қамқор болу керек» деген көзқарастарын қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Теңіздегі кит» /өз бетінше сурет/.<br>**Мақсаты**: Бояуды дұрыс таңдауға, суық және жылы түстерді ажырата білуге, ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, қылқаламды дұрыс ұстау дағдысын меңгерту. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Аққала».** Қоршаған орта тақырыбында мазмұндық мүсіндеуге үйрету.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Орманға саяхат».** Ойын арқылы балалардың есту,сезіну,ән айту қабілеттерін қалыптастыру.Сюжетті ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Жануарлар әлемі».**<br>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар және олардың төлдері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. |

**Қаңтар. (IV апта) 24.01-28.01.2022**

**Тақырыпша: «Қазақстанның қыстап қалатын құстары»**

**Мақсаты:** Қыстайтын құстардың тіршілігі туралы түсінік беру.Қыстайтын құстарды қорғауға және қамқорлық жасауға тәрбиелеу.Құстарға ізгілік,қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктері қалыптасады, құстарды қыстап қалатын, жылы жаққа ұшып кететін құстарға бөліп жіктей алу білімдерін кеңейеді, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиеленеді.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Екі сараң** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «5 саны мен** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар». /Мазмұнды** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **өстік».**<br>Допты меңгеру және гимнастикалық орындық бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз ойнаймыз– дербес болуға жаттығамыз».**<br>Спорттық жаттығуларды орындау арқылы сенсомоторлық анализаторларын дамыту<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз – кішкентай спортшылар».** Еңбектеу және допты алға-жоғары лақтыру дағдыларын қалыптастыру | **қонжық» венгр халық ертегісі».**<br>Ертегі мазмұнын түсіндіру. Сараң сөзінің мағынасын ашып айту.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Дикие птицы».**<br>Учить называть диких птиц на русском языке,отвечать на вопросы полным предложением. | **цифры. Не неге ұқсайды? Кеңістікте бағдарлау».**<br>5 цифры туралы алған білімдерін бекіту<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Кірпі».**<br>Табиғи материалдармен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, орман аңдары туралы білімдерін бекіту, табиғи материалдарды тиімді пайдалануға үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Құсхананы мекендеушілер».**<br>Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын, зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу. | **сурет/.**<br>**Мақсаты**: аквариумдағы балықтардың ерекшеліктерін білуге; сурет салғанда бір бояудың үстіне екінші бояуды жағуға үйрету, композиция құра білу дағдыларын қалыптастыру, қиялын дамыту.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Торғайлар».**<br>Әуенге эмоциялық үн қосуға,сюжетті рөлді ойындарға белсене қатысуға,ырғақты ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Құстар дауысы».**<br>Музыканы тыңдап,жуан жіңішке дыбыстарды ажырату.Әнді мәнерлеп айтқызу. | |

**Ақпан. Тақырыбы:«Біздің қоршаған орта»**

**Мақсаты:** Табиғат туралы жалпы түсінік беру.Өлі және тірі табиғат туралы түсінік беру.Бізді қоршаған ортаға деген қызығушылығын және оны толық қабылдауын қалыптастыру. Табиғаттағы бізді қоршаған ортаға, жануарлардың қысқы тіршілігі, көліктер, электроника әлемі, мамандықтар туралы біледі, тілдері жетіледі, қоршаған ортаны аялауға, қамқорлыққа тәрбиеленеді.

**Ақпан: (І апта) 31.01-04.02.2022**

**Тақырыпша: «Жануарлардың қысқы тіршілігі»**

**Мақсаты:** Қыстайтын жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.Қыста жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін тиянақтау.Жабайы аңдардың қоректенуі,тіршілігі туралы әңгімелесу.Аңдарға қамқор болуға,оларды қорғай білуге тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз әскерміз сап түзеген».**<br>Жаттығуларды орындау кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Хоккей ойнауды үйренеміз».**<br>Спорттық ойындар арқылы организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Алақанмен шапалақтап, аяқпенен топылдатамыз».**<br>Көлденең нысанаға дәлдеп лақтыру дағдысын қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: «**Менің сүйікті үй жануарларым (Өз тәжірибесінен әңгіме құрау)**».<br>Жұмбақ шеше білу дағдыларын дамыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Түлкі мен тырна»ертегісі**<br>Балаларды «Түлкі мен тырна» ертегісімен таныстыру.<br>Балалардың қызығушылығын арттыру. Шығармашылықтарын арттырып, ой – өрісін дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Реттік санау. Оң жақта, сол жақта, ортасында».**<br>Реттік санаумен таныстыру; кеңістікте бағдарлай алу (оң жақта, сол жақта, ортасында).<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «**Төрт түлік**».<br>Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «**Мені қызықтыратын жануар**»<br>**/өз бетінше сурет/**<br>Үй жануарлармен таныстыруды жалғастыру, геометриялық пішіндер арқылы және «жапырақ» тәрізді бейнеге келтіру әдіс – тәсілін пайдаланып, қойдың суретін сала білуге үйрету, қол қимылдарын, ойлануға, қиялын дамытуға тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Түлкі»**<br>Үшбұрыштарды және сопақша пішіндерді қиюды үйрету, бұрыңғы оқу іс-әрекеттерінде қолданған әдіс-тәсілдерін өз еріктерімен үйлестіре білуге үйретуді жалғастыру, қайшыны қолдану іскерліктерін бекіту. Ұсақ қол қимылдарын дамыту, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**«Әуенді сиқырлы ормандағы құртақандар».**<br>Музыканы есту қабілетін дамыту,орындаушылық қабілетін ояту,әуенді сезіну,ырғақты ажырата білуге баулу. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып жануарлар әлемі**».<br>Қанқыз, құмырсқа және бауырымен жорғалаушылардың бірі – кесірткенің тіршілігі туралы білімдерін жетілдіру. |

**Ақпан: (II апта) 07.02-11.02.2022**
**Тақырыпша: «Көліктер»**

**Мақсаты:** Көліктер туралы түсінік беру,аттарын,түрлерін ажыратуға үйрету,сөздік қорларын байыту.Ойыншық көлік түрлерін,мұқият,ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.Балалардың көлік түрлері жайлы түсініктері қалыптасады, жол тәртібін бұзбай жүруге үйренеді, әртүрлі көлік туралы білімін кеңейеді, ой-өрісі дамиды, тақпақтар айтып тілдері жаттығады, жол жүру ережелерін сақтау қажеттілігіне тәрбиеленеді. Көлік түрлерінің адам өміріндегі маңыздылығы туралы білімдерін бекіту.Көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге,құрметтеуге тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ұшқыштар».**<br>Көз мөлшерін, қолдары мен аяқтары қимылдарының үйлесімділігін дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз аяздан қорықпаймыз».**<br>Спорттық ойындар арқылы организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Отбасындағы ағаларым сияқты жаттығамын!».**<br>Секіру және нысанаға дәлдеп лақтыру дағдыларын қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Әңгімеле... (Көлемі әртүрлі екі бірдей ойыншықты сипаттап, әңгімесін құрау)».**<br>Сөйлем құрай білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Транспорт.Правила дорожного движения**<br>Продолжать совершенствовать у детей навыки говорения на русском языке,уточнить их знания о правилах дорожного движения(о назначении светофора,пешеходном переходе,запрещающих и разрещающих знаках). | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Реттік санау. Заттардың кеңістікте орналасу тәуелсіздігі. Геометриялық пішіндер».**<br>Реттік санау туралы білімдерін бекіту; сандардың, заттардың орналасуына тәуелсіздігі туралы білімдерін дамыту.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Мәшинелер».**<br>Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша бөлшектерді біріктіре білу және онымен ойнай отырып «Лего» конструкторлармен құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру, көлік түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Аквариумдағы балықтар».**<br>Жанды табиғат бұрышын | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Күн шуақтары» /өз бетінше сурет/**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылы түстер реңтерімен таныстыру, әрбір түстің қандай мінез – құлықты, көңіл – күйді білдіретінін, түсті бейнелейтін заттың сипатына қарай қолдану керек екенін түсіндіру, нәзіктікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ақ тиін».**<br>Сюжетті рөлді ойындарға қатысуға қабілеттерін әрі қарай дамыту,әуенді есту,сезіну,әнді бірге бастап,бірге аяқтап хормен айтуға үйрету.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ертегілер елінде».**Қуыршақ театры арқылы балаларды шығармашылыққа баулу,әуен сипатын ажыратып,қимылдауға,ән айтуға дағдыландыру,достыққа,қамқорлыққа тәрбиелеу. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Табиғатқа, тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | | |

**Ақпан: (ІІІ апта) 14.02-18.02.2022**
**Тақырыпша: «Электроника әлемі»**

**Мақсаты:** Тұрмыста кеңінен қолданатын электроника әлемі туралы білімін кеңейту,тұрмыстық техника мен оның адам өміріндегі мәні жайлы біледі, және электр құралдары жайлы түсініктерін қалыптасады, заттарға ұқыпты, адамдар еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиеленеді.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Бізге қонаққа маймыл келді!».**<br>Өрмелеу және допты алысқа лақтыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкентай шаңғышылар».**<br>Спорттық жаттығуларды орындау арқылы қимыл үйлесімділігін және тепе-теңдікті дамыту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Африкаға саяхат».** Өрмелеу және алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Суреттеу бойынша тап».**<br>Заттарды сипаттай білуге үйрету<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі».**<br>Балалардың көркем шығармалар арқалы тіл байлығын, ауыз екі сөйлеуін дамыту. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар. Есептік және реттік санау».**<br>1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту; шар, цилиндр, текше сияқты пішіндермен таныстыру<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «**Қазақстанның Қызыл кітабы».**<br>Табиғаттың: өсімдіктер мен жануарлар әлемінің баға жетпес құндылық екені туралы түсініктерін қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Мысық».**<br>**/Заттық сурет салу/.**<br>**Мақсаты:** Мысықтың суретін геометриялық фигуралар арқылы сала білу, дене бөліктерін ретімен сызу, сурет салуғадеген қызығушылықтарын арттыру, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Әдемі табақ».**<br>Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту.<br><br>**Музыка**.<br>**Тақырыбы: «Көңілді достар».**<br>Қуыршақ кейіпкерлер арқылы | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Заттар әлемі (ойыншықтар, ыдыстар)».**<br>Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту.<br>Қарапайым тәжірибелер мен зерттеу жүргізу, қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнату. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауларын, шығармашылық қиялын дамыту. ҰОҚ барысында эстетикалық тәрбие беру, табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | музыкаға қызығушылығын арттыру,шығармашылыққа баулу,әуенді тыңдап,сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру. | |

**Ақпан. (IV апта) 21.02-25.02.2022**

**Тақырыпша: «Мамандықтың бәрі жақсы»**

**Мақсаты:**Мамандықтар туралы түсінік беру.Мамандық түрлерін атай отырып,мамандық иелерінің қандай жұмыстар атқаратынын,олардың қажетті құралдарын атауға үйрету.Үлкендердің,мамандық иелерінің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.Әр түрлі мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.Мамандықтар туралы білімдерін жүйелеу;кәсіпті таңдап,игеру үшін оқып,білім алу қажеттілігін түсіндіру.Мамандықтың барлық түрлерін құрметтеуге тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жас өрт сөндірушілер».**<br>Заттардан аттап өту, тізелерін жоғары көтере отырып жүру дағдыларын бекіту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қысқы жарыстар».**<br>Спорттық жарыстар мен ойындар туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Достармен ойнаймыз».** Ойындар арқылы негізгі қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Күшік неге көңілсіз? (Сурет бойынша әңгімелеу)».**<br>Сурет бойынша әңгіме құрауда тірек сөздерді қалай пайдалану керектігін түсіндіру.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Профессий»** Название профессий людей на русском языке,иметь простейшее представление о деятельности людей различных профессий. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Оқиғаның ретін анықтау. Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар, текше, цилиндр».**<br>1-ден 5-ке дейінгі цифрлар туралы білімдерін бекіту. Шар, цилиндр, текше сияқты көлемді денелермен таныстыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Терезе алдындағы бақша».**<br>Өсімдіктерді бөлме жағдайында өсіру туралы түсініктерін жүйелеу. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Үлкен және кішкентай сәбіздер». /Заттық сурет/.**<br>**Мақсаты**: Сәбіздің суретін сала білуге үйрету. Сопақша пішіннен бейне жасауды, бейнені қабылдауын дамыту, түстермен ырғақты сезіне білуге үйрету. Батылдыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:«Әй- әй ата».**<br>Қазақтың киелі аспабы домбырамен таныстыру.Күй жанры туралы мағлұмат беру.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:«Ақ әжем».**Балаларға қазақтың салт дәстүрі жайында мағлұмат беру,ұлттық салт- | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | түсініктерін дамыту. Бақылау үдерісінде экологиялық ой-пайымдауларын тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жүзім »** қағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағаздан кесек орамдар жасай білуге үйрету. | сананы санасына сіңіру. | |

**Наурыз .Тақырыбы: «Көктем келді»**

**Мақсаты:**Көктем мезгілі туралы білім алады және оның ерекшеліктерімен танысады, жыл басы – Наурыз мерекесі шығыс халықтарының жаңа жылы, малдар төлдеп, ағаштар бүршік атып, тіршіліктің оянған кезі екендігін түсінеді, алғашқы көктем құстары туралы айтады, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты карауға, табиғатты сүйюге тәрбиеленеді.Көктем мезгілін сипаттау,балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру.

**Наурыз. (I апта) 28.02-04.03.2022**

**Тақырыпша: «Нұр төккен, гүл көктем»**

**Мақсаты:** Балалардың көктемнің алғашқы гүлдері туралы білімдері кеңейеді, көктем мезгілі туралы және көктем мезгілінің айырмашылығы туралы түсінеді, гүлдерді күтіп баптауға, әдемілікке сұлулыққа деген сезімдері оянады, табиғатты қорғауға, сүйе білуге, оларды күте білуге тәрбиеленеді.Көктем әсемдігін,сұлулығын көре,сезе білуге тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Тұлпар».** Қимылды ойындар арқылы ҚР халықтарының мәдениеті туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ойнаймыз – денсаулықты нығайтамыз».** Жаттығулар арқылы қимыл үйлесімділігі мен төзімділікті | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Күшік неге көңілсіз? (Сурет бойынша әңгімелеу)».** Сурет бойынша әңгіме құрауда тірек сөздерді қалай пайдалану керектігін түсіндіру.<br>**Көркем әдебиет** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Есептік және реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру».**<br>Реттік сандар туралы білімдерін бекіту<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Далада не өседі?».** Түрлі өсімдіктердің өсетін жерлері туралы түсініктерін | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Торсықты әшекейлеу» (қазақ ұлттық ою-өрнектерін төртбұрышқа салу).** Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын ояту, заттардың пішіні, олардың құрылымы, өрнек элементтерінің орналасуын аңғаруға үйрету, сурет салудың әдеттен тыс әдістері: дымқыл және құрғақ | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Өсімдік әлемі».** Балабақша ауласындағы және жақын маңайдағы өсімдіктер туралы білімдерін қалыптастыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| дамыту<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Бір, екі, үш – қайтала!».**<br>Доп лақтырысу және өрмелеу дағдыларын бекіту | **Тақырыбы: «Қызыл телпек» ертегісі».**<br>Балаларды «Қызыл телпек» ертегісімен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдай білуге үйрету, сөйлеу тілін жетілдіру, бірлікке, достыққа тәрбиелеу. Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру. | қалыптастыру. Қарапайым зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын, білімге құштарлығын дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылығын, танымдық белсенділігін тәрбиелеу. | қылқаламмен сурет салу әдісімен таныстыру. Байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Құмырадағы гүл».**<br>**Мақсаты:**Қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию әдісін жаттықтыру, затқа қарап, жапсыру дағдыларын қалыптастыру, қол бұлшықеттерін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Шуақты көктем».** Әуенді есту,сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту,қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру,табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. | |

**Наурыз. (ІІ апта) 07.03-11.03.2022**

**Тақырыпша: «Өнер көзі халықта»**

**Мақсаты:** Жайлау,киіз үй туралы түсінік беру.Киіз үй жабдықтарын ажыратып,дұрыс айтуға үйрету.Киіз үйді пайдалану жөнінде түсініктерін қалыптастыру.Киіз үй мен қазіргі үйді салыстыру.Үйдегі заттарды ұқыпты,дұрыс қолдануға баулу.Киіз үй, оның ішіндегі жабдықтары туралы айтып балалардың ой өрісі, тілі дамиды, қоршаған орта туралы түсініктері кеңейеді, өнерге деген қызығушылықтары артады, қазақтың ұлттық құндылықтарын бағалай білуге, өнерлі болуға тәрбиеленеді.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Көңілді шар».**<br>Суреттегі бейнелерге сәйкес қимылдарды орындау біліктерін қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Анама сыйлық (Өз тәжірибесінен әңгіме құрау)».**<br>Өз ойларын жеткізе білу | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Қанша? Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Сол жағында, оң** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Көктемгі гүлдер». /Заттық сурет салу/.**<br>**Мақсаты:** Қылқаламмен салуда қарапайым қозғалысты нақты | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ғарышкерлер даярлау орталығы».**<br>Тепе-теңдікті, қимыл үйлесімділігін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көтеріңкі көңіл күй».**<br>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі ырғақпен қимылдарды орындау білігін қалыптастыру. | дағдыларын дамыту.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема:Весна.Мамин праздник**<br>Учить отвечать на вопросы полным предложением,называть слова и выражения,обозначающие весенние признаки и праздник 8Марта на русском языке. | **жағында».** Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Табиғаттың көктемде оянуы».**<br>Көктемдегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын кеңейту. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Табиғатқа достық қарым-қатынасты және позитивті көзқарасты тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қошақан».**<br>Қағаздан құрастыруда ширату немесе шиыршықтау әдісін қолданып қошақанды жасай алуға үйрету, қағазды орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту. | бере білу, түстерді сезіну және араластыра білу дағдысын жетілдіру. Эстетикалық сезімін қалыптастыру, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Көктем».**<br>Балалардың музыка қызығушылығын арттыру.Музыкалық шығармаларға эмоциялық қатынастарын дамыту.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Наурыз».**<br>Балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру,салт-дәстүрмен таныстыру,мерекені музыкамен байланыстыру. | |

**Наурыз. (ІІІ апта) 14.03-18.03.2022**

**Тақырыпша: «Қазақстан халқының салт-дәстүрлері»**

**Мақсаты:** Қазақтың салт-дәстүрі Наурыз туралы түсініктері қалыптасады, Наурыз мерекесін өткізу дәстүрлерімен танысады,Наурыз көженің ерекшелігі туралы түсіндіру;жыл санаудағы бір мүшел туралы түсінік беру;Наурыз жыл басы, көктемнің алғашқы мерекесі, малдар төлдеп, ағаштар бүршік атып, тіршілік оянған кезі екенін түсініп, ой-өрісі кеңейеді, салт-дәстүрге, ұлттық мерекеге құрметпен қарауға, заман талабына сай, бойында ұлттық санасы бар азамат болып тәрбиеленеді.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ойын лотосы».** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Суреттеу** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Реттік санау.** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Гүлді алма** | **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қимылды ойындар арқылы қозғалыс әлеуеттерін дамыту<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Деніміз сау болсын».**<br>Дене шынықтыру сабақтарының спортпен байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Асық ойнаймыз».**<br>қимылды ойындар арқылы ҚР халықтарының мәдениеті туралы түсініктерін кеңейту. | **бойынша тап».**<br>Заттарды сипаттай білуге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ақылды лақ»ертегісі.** Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. | **Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Солға, оңға».**<br>Реттік санау туралы білімдерін бекіту; үлгі бойынша санау; заттың саны мен цифр арасындағы сәйкестікті қою.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Наурызгүлдер».**<br>Көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру. Көктемнің алғашқы гүлдері – наурызгүлдер туралы түсініктерін дамыту. Туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. | **ағаштары».**<br>Ағашты салуды естеріне түсіру, қылқаламмен салуда қарапайым қозғалысты нақты бере білу, түстерді сезіну және араластыра білу дағдысын жетілдіру. эстетикалық сезімін қалыптастыру, композиция құра білу, ойларын дамыту, асықпай ойлануға тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Әдемі кесе».**<br>Ұлттық бұйымдарды мүсіндеуге дағдыландыру<br><br>**Музыка.**<br>**Тақырыбы:«Наурызым армысың!».**Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру.Мерекелік көңіл күй сыйлай білуге үйрету. | **Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық киімдері».**<br>Балалардың ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдар туралы білімін жетілдіру. |

**Наурыз. (IV апта) 28.03-01.04.2022**

**Тақырыпша: «Алғашқы көктем құстары»**

**Мақсаты:** Алғашқы көктем құстары туралы түсініктері қалыптасады, алғашқы көктем құстары жайлы түсінік бере біледі, табиғатқа, құстарға қамқорлық көрсетуге,қорғауға,аялы көзқарасқа тәрбиеленеді.Құстарға деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Асық толы қоржын».**<br>Жұппен қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Ертегіде қонақта (Таныс ертегілерді қойылымдық жабдықтары арқылы әңгімелеу)».** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі. Заттарды көлемі бойынша салыстыру.».** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Торсықты әшекейлеу»** (қазақ ұлттық ою-өрнектерін төртбұрышқа салу).<br>**Мақсаты:** Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Тақырыбы: «Біз күштіміз әрі ептіміз».**<br>Спорттық жаттығуларды орындау арқылы бұлшық ет корсетін күшейту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы орындықтар».**<br>Лақтыру, статикалық тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру | Ертегі мазмұнын әңгімелей білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Наурыз.Первые весенние цветы».**<br>Формировать элементарные представления о празднике Наурыз мейрамы,учить отвечать на вопросы полным предложением. Называвать первых весенних цветов (тюльпан,подснежник)на русском языке. | Көзмөлшерлерін, зейіндерін дамыту; қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ағаштардың гүлдеуі».**<br>Көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Құрдастарымен достық қарым-қатынастарын, бірлесіп еңбек етуге тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Сылдырмақ».**<br>Қалдық заттармен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, дайын болған жұмыстарды толықтыру және безендіру арқылы шығармашылық қиялын дамыту. | ояту, заттардың пішіні, олардың құрылымы, өрнек элементтерінің орналасуын аңғаруға үйрету, сурет салудың әдеттен тыс әдістері: дымқыл және құрғақ қылқаламмен сурет салу әдісімен таныстыру. Байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Шуақты көктем».**Әуенді есту,сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту,қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру,табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Әдемі көбелек».**<br>Көркем ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу,әуенді есту,сезіну,ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. | |

**Сәуір.Тақырыбы: «Мен және қоршаған орта»**

**Мақсаты:** Қоршаған ортаға қызығушылығын және оны толық қабылдауын қалыптастырады;айналамыздағы бізді қоршаған орта жайлы түсініктері кеңейеді, табиғаттың гүлденуі, ғарыш әлемі, көктемгі егін, теңіздермен мұхиттар әлемі жайлы білім алады, тілдері жетіледі, қоршаған ортаны аялауға, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдеріне тәрбиеленеді.Табиғат құбылысын эмоционалды қабылдауын,қиялын,фантазиясын дамыту.

**Сәуір. (І апта) 04.04 – 08.04 2022**
**Тақырыпша: «Табиғаттың гүлденуі»**

**Мақсаты:** гүлдер әлемі туралы түсініктері қалыптасады, табиғаттың гүлденуі, әртүрлі гүлдерді атауға үйренеді, оларға сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білуге дағдыланады, табиғатты аялауға, әдемілікке, әсемдікке тәрбиеленеді.Гүлдерді күтіп,баптауға тәрбиелеу.Гүлдердің адам денсаулығына әсері туралы мәлімет беру,гүлдер мен өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдерге тәрбиелейді.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Тиін бізге қонаққа келді».**<br>Лақтыру және секіру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көктем келді, көктем!».**<br>Самокатпен сырғанау, ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Байқоңыр».**<br>Секіру мен өрмелеу дағдыларын қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Не дәмді?» ертегісі.**<br>Өз ойларын жеткізе білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Қасқыр мен ит».**<br>Балаларға әңгімені тыңдата отырып,осы әңгімедегі жағымсыз кейіпкерді атау,қасқыр-жағымсыз,ит- жеті қазынаның бірі екенін айтып түсіндіру. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Реттік санау. Өзіне қатысты тұрғыда заттардың кеңістікте орналасуы. Заттардың санын цифрмен сәйкестендіру».**<br>Реттік санау туралы білімдерін бекіту<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып жәндіктер әлемі»**.<br>Жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қаңқыз, құмырсқа, инелік) туралы түсініктерін қалыптастыру. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Жанды табиғатқа қызығушылығын тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Қазақтың ұлттық бас киімін әшекейлеу». /Сәукеле/ Сәндік сурет/.**<br>**Мақсаты:** ұлттық бас киімдерді ажырата білуді, ою-өрнек элементтерін үшбұрышқа орналастыра білуге үйрету, көз мөлшерін дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Құмырадағы гүл».**<br>Қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию әдісін жаттықтыру, затқа қарап, жапсыру дағдыларын қалыптастыру, қол бұлшықеттерін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Орманға саяхат».**Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын,сипатын ажыратуға үйрету:нәзік,сабырлы,көңілді де ойнақы,көңілсіз.Әнді сезіне | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Өсімдік әлемі»**<br>Шағын орталық ауласындағы және жақын маңайдағы өсімдіктер туралы білімдерін қалыптастыру**.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | айтуға үйрету. | |

**Сәуір. (II апта) 11.04 – 15.04 2022**

**Тақырыпша: «Ғарыш әлемі»**

**Мақсаты:** Ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру,адамдардың ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары туралы түсінік бере алады, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері , туралы мағлұмат алады, құрмет сезімдеріне тәрбиеленеді.Аспан әлемі-ғарыш,ғарыш айлағы-Байқоңыр туралы білім береді. Ғарыш әлеміне қызығушылыққа тәрбиеленеді.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ғарышқа саяхат».**<br>Допты екі қолмен қайта ұру және 3 зат арқылы аттап өту дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Самокат тебеміз».**<br>Самокатпен сырғанау кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Демалыс саябағында».**<br>Өрмелеу және допты қайта ұру дағдыларын қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қолғап» украин халық ертегісі.**<br>Сөйлеу мәнерлері мен сөйлемді дұрыс құрау дағдыларын дамыту.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Весенние цветы»(продолжение).**Совершенствовать навыки говорения детей на русском языке по теме «Цветы»,продолжать учить отгадывать загадки,называть цветов на русском языке. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1, 2, 3, 4, 5 цифрлары мен сандары. Сан мен цифрды сәйкестендіру.».**<br>Зейіндерін дамыту; математикалық жұмбақтарды шешуге үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «**Жау, жау, жаңбыр**».<br>Жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауы мен шығармашылық қиялын дамыту. Білімге құштарлықты, танымдық белсенділікті тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Желкенді қайық».**<br>Қалдық заттармен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, дайын болған жұмыстарды толықтыру және безендіру | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Түсті шарлар. /заттық сурет салу/**<br>Балаларға сурет салуды үйретү, пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді атай білуге үйретү, достыққа тәрбиелеу, жоғырадан төмен қарай, сызу арқылы суретін салу, қылқаламмен жұмыс жасауды үйрету, көрсету, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер».**Музыканы тыңдап,сипаттарын ажырата білуге,әннің мәтінін бұзбай,дұрыс айтуға үйрету.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:«Құстар дауысы».**Музыканы тыңдап,жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату.Әнді мәнерлеп айтқызу. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | арқылы шығармашылық қиялын дамыту, көрнекіліктерге сүйене отырып белгілі бір заттарды жасай білуге үйрету | | |

**Сәуір. (ІІІ апта) 18.04 – 22.04 2022**
**Тақырыпша: «Көктемгі егін»**

**Мақсаты:** көктемгі егін, ағаштар және олардың пайдасы туралы жан–жақты мәлімет алады, адамдардың еңбегінің нәтижесінде келетіндігі туралы түсініктері кеңейеді, еңбексүйгіштікке тәрбиеленеді.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көңілді сайыстар».**<br>Заттардан секіріп өту және гимнастикалық қабырғаға өрмелеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Добым, добым домалап».**<br>Доппен ойнау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Бірге жаттығамыз!».**<br>Қимылдарды ретімен орындау дағдысын қалыстастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Жаңа үйді кім тұрғызды? (Шығармашылық жұмыс: әңгіме құрау)».**<br>Өз ойларын жеткізе білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Екі әтеш».**Ертегіні тыңдап,өз түсінігін жүйелі айта білуге баулу.Көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1, 2, 3, 4, 5 цифрлары. Реттік санау. Оң жақта – сол жақта, жоғарыда төменде».**<br>1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Шуағын шашқан алтын күн».**<br>Жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Жансыз табиғатқа танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеу. Қоршаған ортаға қамқор көзқарасты тәрбиелеу | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Табиғат аясында. / Өз бетінше сурет/.**<br>Көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктерін бекіту. Жыл бойындағы жұмыстарының нәтижесіне баға беру, өз ойларынан сурет салуда белсенділігін арттыру, қиялын дамыту, табиғаттың келбетін, әр жыл мезгілдерінің ерекшелігіне тән белгілерді ажырата білу, пейзаж, композиция, түс және эстетикалық қабалдау сезімдерін дамыту, іскерлікке тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Ойыншық арба».**<br>Ойыншықтарды елестету арқылы мүсіндеуге жаттықтыру.<br><br>**Музыка** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Ас атасы – нан».**<br>Балаларға нанның дастарқанға үлкен еңбекпен келетінін түсіндіру. Ауылшаруашылығындағы ересектер еңбегі туралы білімдерін қалыптастыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | **Тақырыбы:«Мысық қашады,күшік қуады».**Түрлі сипаттағы музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту,ынтасын тәрбиелеу. | |

**Сәуір. (IV апта) 25.04 – 29.04.2022**

**Тақырыпша: «Достық – біздің тірегіміз (халықтар достығы)»**

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының көп ұлтты мемлекет екендігі туралы балалардың ұғымдарын кеңейту.Оларға достық, татулық, бірлік, ұғымдарын түсінеді, өзара татулық сезімдері дамиды, достықты қадірлей білуге, айналадағы қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиеленеді.Балалардың бір-бірімен достық қарым -қатынасы туралы әңгімелесу.Адамгершілікке,достыққа тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Батыл құмырсқалар».**<br>Бір аяқпен секіру және гимнастикалық қабырғада өрмелеу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы сақиналар».**<br>Тепе-теңдікті, қимыл үйлесімділігін сақтау дағдыларын қалыптастыру<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы сандық».**<br>Допты бір қолмен қайтара ұру және бір аяқпен секіру дағдыларын қалыптастыру | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Серуенде... (Өз тәжірибелерінен әңгімелеу)».** Құрылыс тақырыбында әңгіме құрату арқылы сөздік қорларын толықтыру.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Что такое хорошо и что такое плохо?».**<br>Учить употреблять в речи на русском языке слова-антонимы: «хорошо-плохо»,анализировать свои поступки и поступки других детей. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «4–5 сандарын салыстыру. Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Не неге ұқсайды? Оң жақта – сол жақта.».**<br>Геометриялық денелермен шынайы заттарды салыстыру; цифрды заттар санымен сәйкестендіру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Табиғатты аялайық!».**<br>Табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Ізгілік, мейірімділік, қызығушылық | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Түсті шарлар /заттық сурет салу/».**<br>Балаларға сурет салуды үйрету, пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді атай білуге үйрету, достыққа тәрбиелеу, жоғырадан төмен қарай, сызу арқылы суретін салу, қылқаламмен жұмыс жасауды үйрету, көрсету, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Тауық пен балапандар».**Дыбыс әуезділігін қалыптастыру.Аспаптардың дыбысталу тембрін | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | пен білімге құштарлықты тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қанқыз».** Қалдық заттардан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, қалдық заттарды сапасына, көлеміне қарай пайдалана білуге үйрету; түрлі заттар жасауға баулу, жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. | айыру.Әнді орындауға баулу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Төлдер».**Театр арқылы дыбыстарды таза айтқызу,тыңдау, «жоғары» және «төмен» дыбыстарын айыру,екі бөлімді әнді ажырата білуге үйрету. | |

**Мамыр.Тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»**

**Мақсаты:** Балаларға батырлық,ерлік туралы түсінік беру,бала бойында батырлық,жігерлілік қасиеттерді қалыптастыру.Рухани отансүйгіштік сезімді дамыту,сөйлеу мәдениетін, балалардың бойында адамгершілік қасиеттері жақын адамдарына сүйіспеншілігі артады, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған қаласына, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықтары артады.

**Мамыр. (І апта) 09.05-13.05. 2022**
**Тақырыпша: «Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)»**

**Мақсаты:** Отан қорғаушылар туралы түсініктерін қалыптасады, еліміздің әскері, батыр, ел қорғайтын, ержүрек жауынгерлер, танкішілер, ұшқыштар, теңізшілер туралы түсінік бере алады, өз күшіне сенімі нығаяды, өзіне құрметі мен дербестігі дамиды, патриоттыққа тәрбиеленеді.Қазақстан әскерлері туралы білімдерін бекіту. «Жеңіс күні»,бейбітшілік туралы түсініктеме беру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Баскетболшылар»**<br>Еңіс тақтаймен өрмелеу | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісі.** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Алыс – жақын».** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Мерекелік отшашу»**<br>шығармашылық | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Отан қорғаушылар».** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| және допты бір қолмен қайтара ұру дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Шынығып, шымыр боламыз».**<br>Спорттық ойындар элементтерін үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сыр толы сандық».**<br>Тепе-теңдікті сақтау және баскетбол ойыны дағдыларын дамыту. | Ертегі мазмұнын дұрыс мазмұндау дағдыларын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ақылды лақ».**Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. | Заттар санын цифрмен сәйкестендіру; кеңістікте бағдарлау; зейіндерін дамыту<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қош келдің, жаз!**».<br>Жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін тәрбиелеу. | қабілеттерін қалыптасады, балалар салтанатты шерулердің мәнін түсінеді, мерекелер туралы білімдері одан әрі жетіледі, шығармашылық қиялдары, көркемдік талғамдары дамиды.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:«Ұшақтар шеруі».**<br>Ұшақпен таныстыру, қатпарлап бүктеп, шеткі сызықтары бойынша және симметриялы қию әдіс – тәсілдерін меңгерту. Қарапайым мазмұн бере жапсыру дағдыларын қалыптастыру.Тақырыпқа сай заттармен өз жұмыстарын толықтыра білу іскерлігін бекіту.Ұшқыш туралы қиялын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Әуенді сандықша».**Музыкаға қызығушылығын арттыру,түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету,музыкалық фразалар | 7-мамыр –Отан қорғаушылар күні туралы білім беру,әскери адамдар туралы түсініктерін кеңейту. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | арасында тыныс алуға,әуенге сәйкес би жанрларын ажыратуға баулу. | |

**Мамыр. (II апта) 16.05 – 20.05 2022**

**Тақырыпша: «Теңіздер мен мұхиттар әлемі»**

**Мақсаты:** Теңіздің адамға тигізер пайдасы туралы, теңізден алынатын байлығымыз туралы түсінеді, теңізге деген қызығушылықтары артады, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиеленеді.Мұхит пен теңіз туралы түсініктері қалыптасады, мұхит жануарлары мен өсімдіктерінің алуан түрлілігі мен оларға тән қасиеттер, мұхит қорлары туралы мағлұматтар алады, мұхит байлықтарын білуге және оны қорғауға тәрбиеленеді.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Айсұлумен ойнаймыз».**<br>Көлденең нысанаға дәлдеп лақтыру дағдысын дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Тезірек, биігірек, күштірек».**<br><br>Спорттық жаттығу элементтері арқылы қозғалыс тәжірибесін байыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті секіртпелер».**<br>Секіргіш арқылы секіру кезінде және бөренемен жүрген кезде қимыл үйлесімділігін дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қоянның туған күні (ойдан ертегі құрау)».**<br>Мазмұнды сурет арқылы ойларын жеткізе білу дағдыларын дамыту.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Лето.Деревья».**<br>Называть времени года на русском языке,о простейшее представление о летних явлениях в природе,многообразии деревьев и кустарников. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Цифрлар. 4-5 сандарын салыстыру. Кең – тар».**<br>Цифрлар туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қайық»**<br>**Мақсаты:** шаршы қағаздарды қиғаш және тең екі бөлікке бүктеуді үйренеді, олардың қолданылуы туралы түсінік алады, логикалық ойлау қабілеттері дамиды, саусақтардың икемділігі артады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Табиғат бұрышындағы тіршілік»**<br>**Мақсаты:** балықтар туралы әңгімелейді, олардың тіршілік ету орталарымен танысады, аквариумдегі балықтарға қамқор болуға тәрбиеленеді. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Теңіздегі кит»**<br>**Мақсаты:** бояуды дұрыс таңдауға, суық және жылы түстерді ажырата білуге, ұқыпты жұмыс істеуге үйренеді, қылқаламды дұрыс ұстау дағдысын меңгереді.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ауылдағы той».**Әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге,дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру,күйді тыңдап,сезіне білуге баулу.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Біздің оркестр».**Шығарманы зейін қойып тыңдауға,аспап дыбыстарын ажырата білуге,ырғақпен ойнай білуге дағдыландыру.Оркестр туралы мағлұмат беріп,аспаптарда ойнау тәсілін үйрету,шығармашылыққа | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | баулу. | |
| **Мамыр. (ІІІ апта) 23.05 – 27.05.2022**<br>**Тақырыпша: «Ғажайып әлемде»**<br>**Мақсаты:** тірі және өлі табиғат объектілеріне оң көзқарастарын тәрбиелеу мақсатында қарапайым экологиялық түсініктерді қалыптастырады, табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсінеді, табиғатты аялауға тәрбиеленеді. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Айсұлу мен Серік балаларға қонаққа келді».**<br>Секіргіш арқылы секіру және көлденең нысанаға лақтыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Сиқырлы қалпақтар».**<br>Ептілікті және өз әрекетін басқа балалардың әрекеттерімен үйлестіру білігін дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы өзгерістер».**<br>Көлденең нысанаға дәлдеп лақтыру дағдыларын бекіту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерімнің туған күні (Шығармашылық жұмысқа баулу».**<br>Туған күн де мереке түріне жататындығын түсіндіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Жайлауда»**<br>Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Есептік және реттік санау. Заттың саны мен цифрды сәйкестендіру».**<br>Реттік санау туралы білімдерін бекіту; геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып жәндіктер әлемі».**<br>Жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қанқыз, құмырсқа, инелік) туралы түсініктерін қалыптастыру. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Жанды табиғатқа қызығушылығын тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Алжапқышты әшекейлеу». / Қазақ ою-өрнегін киімнің жиегіне салу. / Сәндік сурет/.**<br>Сәндік қолданбалы өнер түрлері – оюларды оюып жасауды, матадан жапсырулар жасаумен таныстыруды жалғастыру, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту, алжапқыштың жиегіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге, түсіне қарай сәндік бере білуге жаттықтыру. Тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Түлкі мен шәркей» ертегісі бойынша сюжетті мүсіндеу (ұжымдық жұмыс).**<br>Ертегі желісі бойынша мүсіндей алуға үйрету.<br><br>**Музыка.** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Табиғатпен сырласу»**<br>Қоршаған әлемге қызығушылығын және оны толық қабылдауын қалыптастыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | **Тақырыбы: «Не қалай дыбыстайды?».** Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту,әуенді ойын әрекеттерін сахналауға,хормен ән айтуға дағдыландыру. | |
| **Мамыр. (IV апта) 30.05 – 03.06.2022.**<br>**Тақырыпша: «Көңілді жаз!»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жаз мезгілімен таныстыра отырып,оларды табиғат өзгерістерімен таныстыру,маусымдық өзгерістерді байқай білу дағдылары қалыптасады, табиғаттағы маусымдық өзгерістердің қарапайым байланыстарын орнату біліктері жетіледі, ұқыптылыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілігі артады, әдемілікке тәрбиеленеді.Табиғатты аялауға,еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. | | | | |
| **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Түрлі түсті секіртпелер».**<br>Секіргіш арқылы секіру кезінде және бөренемен жүрген кезде қимыл үйлесімділігін дамыту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Достасайық бәріміз».**<br>Аяқтың ұшымен жүру және допты жоғары көтере тастау дағдыларын бекіту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Қазақтың қимыл-қозғалыс ойындары».**<br>(Таза ауада өткізу). Қазақтың қимылды ойындары арқылы балалардың қозғалыс тәжірибелерін байыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Көңілді жаз»** (үзінді). В.Берестов (Есте сақталуы бойынша әңгімелейміз.)<br>Есте сақтау қабілеті жетіледі, тақпақтың мазмұнын түсінуге және есте сақтап қалуға үйренеді, дауыс мәнерлілігі, дауыс күші дамиды.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Жайлауда»** (өлең) Н. Жанаева<br>Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру.Өлеңді жатқа айтуға үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Орыс тілі**<br>**Тема: «Лето.Деревья».**<br>Называть учить времени года на русском языке,иметь | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Бекіту. Сан мен цифрды сәйкестендіру».**<br>1-ден 5- ке дейінгі сан және цифрлар туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қош келдің, жаз!».** Жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Табиғат аясында»**<br>**Мақсаты:** көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктері жетіледі, өз ойларынан сурет салуда белсенділігі артады, табиғаттың келбетін, әр жыл мезгілдерінің ерекшелігіне тән белгілерді ажырата біледі, пейзаж, композиция, түс және эстетикалық қабылдау сезімдері дамиды, іскерлікке тәрбиеленеді.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Көңілді би».**<br>Би қимылдарын еркін орындауға,түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға баулу,дыбыс ұзақтығы,тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | представление о летних явлениях в природе,многообразии деревьев и кустарников. | тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Хайуанаттар бағы».** Құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін ажырату және құрылыс материалдарын дұрыс орналастыра алу дағдыларын қалыптастыру, ұжымдық жұмыс жасай алуға үйрету. | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып сылдырмақтар».** Музыкаға деген қызығушылығын арттыру,ән айту іскерлігін дамытуғсылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. | |

**Барлығы: 36 апта**